

Құрметті білім алушылар!

Естеріңізге саламыз, «Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-ға ауыстыру және қайта қабылдау Ережелеріне» сәйкес, **келесі курсқа көшіру (GPA) ауыстыру баллы есепке алынып, емтихандық сессиялардың және жазғы семестрлердің нәтижелері бойынша 2018ж. 1 қыркүйегіне дейін жүзеге асырылады.** Көшіру (GPA) мәні ағымдағы оқу жылының қорытындысы бойынша анықталады.

Университет ректорының 27.04.2018ж. №181-С бұйрығына сәйкес, университетте білім алушылар 2017-18 оқу жылының қорытындысы бойынша келесі курсқа көшіру GPA көрсеткішінің төмендегі мәндері белгіленген:

1. Орта білім негізінде күндізгі оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде:

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,6;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,85;
- төртінші курсқа көшіру үшін – 2,15;
- бесінші курсқа көшіру үшін – 2,15.

2. Орта білім негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде:

- төртінші курсқа көшіру үшін – 1,7;
- бесінші курсқа көшіру үшін – 2,0.

3. Орта кәсіптік білім (колледж) негізінде күндізгі оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде: (күндізгі оқу түрі)

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,5;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,7.

4. Орта кәсіптік білім (колледж) негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушылары үшін курстар шегінде: (сырттай оқу түрі)

- екінші курсқа көшіру үшін – 1,4;
- үшінші курсқа көшіру үшін – 1,6.

5 Жоғары білім негізінде сырттай оқу түрі бакалавриатының білім алушыларын екінші курсқа көшіру үшін – 1,4.

6.Магистратурада білім алушылар екінші курсқа көшіру үшін - 2,5.

Назар аударыңыз, келесі курсқа көшіру 5 берешектерден кем емес болған кезде ғана мүмкін, ал бітіруші курс- 3 берешектерден кем емес.

25.08.2018ж. дейін келесі курсқа көшу шарттарын орындамаған білім алушылар (GPA көшу мәніне жетпегендер), ақылы негізде қайта оқу жылына қалады.

Қайта оқу жылына қалғандар және ағымдағы оқу жылының 25 тамызына дейін «қайта оқу жылына білім беру қызметін көрсету Шартын» жасамаған білім алушылар академиялық үлгірмеушілігі үшін оқудан шығарылады.

Академиялық берешектерді жою, сонымен бірге білім алушылар жазғы семестрлер аралығында GPA мәнін көтеру мақсатымен жеке пәндерді қайта оқи алады. Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың 2017-18 оқу жылының Академиялық күнтізбесіне сәйкес:

- 1 жазғы семестрдің мерзімі – 4 маусымнан бастап 30 маусымға дейін;

- 2 жазғы семестрдің мерзімі – 13 тамыздан бастап 25 тамызға дейін.

1 жазғы семестрде оқуға тіркелу 4 маусымнан басталады (тіркеуші офисіне, Г1-222)

2 жазғы семестрге тіркелу мерзімі – 13 тамызда (тіркеуші офисі, Г1-222)

Академиялық департаменті
24.05.2018ж.